

ӘОЖ 347.781.5 (574.54)

С.Б. Бахтиярова, А.Қ. Әбдіразақова*

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

*E-mail: ayakuz.abdrzakova@mail.ru

Сыр өңіріндегі балаларға арналған басылымдардың ерекшеліктері

Аталмыш мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының ең басты қызметі – қоғамдық пікірді қалыптастыру болса, балалардың өмірге деген көзқарасының қалыптасуына да масс-медияның ықпалы зор екендігі, Сыр өңірінде жарық көрген балалар басылымдарының өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері, қиындықтары мен жетістіктері талданады. Қазақ журналистикасында балаларға арналған басылымдардың алатын орны ерекше екендігіне де баса назар аударылады. Балалар журналистикасының өзіне ғана тән сипатын айқындайды. «Сыр мектебі», «Бал дәурен», «Сыр ұланы» атты басылымдарды негізге ала отырып, онда жарық көрген жарияланымдардан мысалдар келтірілген. Балаларға арналған басылымдардың не жазып жүргендігін нақтылайды.

Түйін сөздер: балалар басылымдары, жанр, айдар.

S.B.Bahtiarova, A.K.Abdrazakova

Features of editions for children on earth of Syr

The main activity of mass information is formation of public opinion, but influence of mass-media on formation of outlook of children is great also. In this regard, in article features and distinctive features, difficulties and achievements of printing editions for children of the earth of Syr are analyzed. The special attention is paid to that in the Kazakh journalism the edition for children takes a special place. Clear feature inherent in only children's journalism. Examples from the published material of editions are given: «Bal dauren», «Syr alany», having taken them as a basis. Are specified about what write editions for children.

Keywords: Children's editions, genre, heading.

С.Б.Бахтиярова, А.К.Абдразақова

Особенности изданий для детей на земле Сыра

Одной из задач средств массовой информации является формирование общественного мнения, но велико и влияние масс-медиа на формирование мировоззрения детей. В связи с этим, в статье анализируются особенности и отличительные черты, трудности и достижения печатных изданий для детей земли Сыра. Особое внимание уделяется и тому, что в казахской журналистике издания для детей занимают особое место. Раскрывается особенность, присущая только детской журналистике. Анализируется контент материалов изданий «Сыр мектебі», «Бал дәурен», «Сыр ұланы».

Ключевые слова: детские издания, жанр, рубрика.

Балалар әлемінің өзіндік ерекшелігінің басым екендігі баршаға аян. Әр баланың түсінігі мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып жазылған дүниелер ғана қызығушылықтарын тудырады сөзсіз. Сонымен бірге олардың ынта-зейінін арттыру үшін де тартымды тілмен және жүректерінен орын алатын тақырыпты дөп тауып жазу талап етіледі.

Адамзат баласының ұрпақ тәрбиесіне аса

мән беріп, оның бойына жақсылық атаулыны жиятыны бесенеден белгілі. Қазіргі әдебиет зерттеушілердің өзі балаларға арналған көркем туындылардың бүгінгі заман талабына, сұранысына жауап бере алмайтындығын жиі айттып жүр. Балаларға арнап өндіріп жазатын ақын-жазушыларымыздан өзгелері бұл тақырыпқа жиі соға бермейтіндігі оның тым күрделілігінен болса керек. Оның үстіне ақпарат тасқынының толқыны

қатты бүгінгі қоғамда балалардың өздігінен көркем туындыларды оқуының өзі қиынға соғып отыр. Өйткені жаппай компьютерлендіру, ойын автоматтары, шет елдің балаларға арналған атысшабысқа негізделген кино, мультфильмдері, түрлі-түсті кітаптары жас жеткіншектердің санасын жаулап алған.

Бүгінгі ұрпақтан қазақтың ұлттық ойындарын білмей, өз тілінде сөйледі қойып, өзге тілді үйренуге бар күш-жігерін жұмсап, ертең қазақпын деп айтуға намыстанатын мәңгірт жастың шықпасына кім кепіл?! Осы орайда қашан да халықтың көзі, құлағы, тіліне айналған бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінетіміз шындық. Өйткені балаларға арналған басылымдардың бүгінгі таңдағы экономикалық жағдайы мен көтеріп отырған мәселелері, тақырыптары қандай деңгейде? Балаларға арналған басылымдардың бүгінгі күннің өзекті мәселелері мен заман ағымын сөз ететін тақырыптарды жазудағы өзіндік ерекшеліктері қандай?

Бұқаралық ақпарат құралдарының ең басты қызметі – ақпарат тарату арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыру болса, балалардың қоршаған ортаға деген көзқарасының қалыптасуына да журналистиканың ықпалы зор екені айқын. Журналист ең алдымен қоғамға қызмет етуші тұлға. Сондықтан оның еңбегінің әрбір жемісі адам бойына адамгершілік, имандылық, ізгілік, ұлтжандылықты, адалдықты, еңбекқорлықты сіңіре отырып, ой-өрісін кеңейтіп, эстетикалық танымын дамытуға қызмет етуі керек. Бүгінгі таңда жастар өмірін теледидарсыз, интернетсіз, әлеуметтік желілерсіз елестету мүмкін емес. Сондықтан да бәсекелестік мәселесінде қазіргі арналардағы берілетін телехабарлар мәнсіз, мағынасыз жасалмауы тиіс. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалар жоғары сапалы және білімділік пен біліктілікті, қоғамдық-саяси белсенділікті таныта отырып, жастардың үлкен өмірге дұрыс бағыттағы жолдама алуына көмектесуі тиіс. Яғни бұқаралық ақпарат құралдарына – газет, журнал, телевидениеге қоғамның ертеңіне кепіл болатын жас ұрпақты тәрбиелеуде жүктелер жауапкершілік мол.

Балалар басылымдарының да өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, басылымның аудиториясы – әртүрлі жастағы балалар. Олардың әрқайсысының бойынан бала көңіл, ақ пейіл, аңғалдық пен ақылдылық, бұзықтық пен тәртіптілікті табуға болады. Өсіп келе жатқан жеткіншекті жақсылыққа жетелеу баспасөз

ісінің басты мақсаты болуы тиіс. Екіншіден, оларға арналған шығарманың оқиғасы, тілі, стилі баланың танымына сәйкес келгені дұрыс. Өйткені өзіне беймәлім нәрсе балаға көп сұрақтар туындауы мүмкін. Үшіншіден, оқырман да, тыңдарман да, жазарман да баланың өзі болғаны абзал. Себебі, олардың тілінде өздерінен артық ешкім сөйлей алмайды. Мәдениет пен өнерге құмартуды өз қатарластарынан үйренсе, нәтижесі де жоғары болмақ. Әсіресе, ана тілінде сөйлету үшін де олардың бірін-бірі тәрбиелеу арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуіміз мүмкін.

«Балалық шақ күн сайын айналада болып жатқан оқиғаны, құбылысты сол қалпында немесе жаңаша қабылдау. Туған жерді, Отанды тану осы қабылдаудан өріс алады. Сондықтан да сәби жүрегіне адам жанының сұлулығы мен дүниеде ешбір асыл затқа теңдесі жоқ Ұлы Отан ұғымын қалыптастыру осы кезден басталады», - деп жазады ұлы педагог В.А.Сухомлинский[1]. Осы пікірге сүйенсек, балалар журналистикасында қантөгіс, күш көрсету, қорқыту, ұрып-соғу, ұрлау, сабау сияқты көріністерді көрсетуге немқұрайлылық танытпауымыз керек.

Қазақ журналистикасында балаларға арналған басылымдардың алатын орны ерекше. Жалпы қай елде, қай ұлтта болсын жас ұрпақ тәрбиесі мен оларға жасалатын қамқорлыққа айрықша көңіл бөлініп, болашақ жақсы азамат қалыптастыру бағытында барлық мүмкіндіктер жасалады. Баланы-жастан жақсылыққа, батырлыққа, адалдыққа, елін сүюге тәрбиелеу – ұлтымыздың қанына сіңген қасиеті. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы үрдіс бүгінде жаңа сипатта, әлемдік тәжірибе арқылы жүзеге асуда. Қазіргі қоғамда жүргізіліп жатқан он екі жылдық білім беру жүйесі, бағдарлы, бейімдеп оқыту, мектепке дейінгі даярлық, балабақша мәселелері өскелең ұрпақтың жарқын болашағына жасалып жатқан қадамдар. Осының барлығы жас баланы білімді, кез келген ортада өзін-өзі еркін ұстай алатын, жаңа өмірдің ағымына тез бейімделе алатын, шығармашылықпен жұмыс істей білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатына жүгінеді. Кемелді болашақ болу үшін кемелді білім беру жүйесі керек. Берен ерлердің ерен еңбегі ескерілусіз қалмауы да абзал. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтар болсақ, «Жиырма бірінші ғасырға білімді дамыта алмаған адамнан мемлекет тоқырауға ұшырайтыны сөзсіз барлық нәрсе мектептен басталады. Сондықтан 2008 жылдан бастап, біз он екі жылдық жалпы орта

білім беруге көшіп, мұғалімдердің кәсіби деңгейін, оқулықтар мен оқыту бағдарламаларының сапасын көтеруіміз қажет» [2]. Демек қазіргі қоғамда бәсекеге қабілеттілікті арттыру күн тәртібінің өзекті мәселесі болып отыр.

Балалар баспасөзінің бүгінгі күнге дейін толыққанды зерттелмегендігінен, олардың басты мәселелері мен қол жеткен жетістіктері әлі күнге ғылыми тұрғыдан дәйектелмей келеді. Оның үстіне бұл саланың кенжелеп қалуының себептерін балалар әдебиетінің зерттелуімен тығыз байланыста қарастырған дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені қазақ балалар әдебиетінің тарихы қалыптасу, даму жолдары ғылыми тұрғыдан зерттелгенімен, балалар жазушыларының шығармашылығы жайлы еңбектер аз. «Балдырған» журналы 1958 жылдың шілдесінен жарық көрген. «Балдырған» баланың ес білер уақытынан бастап мектеп қабырғасының бастауыш сынып балалары қызыға оқитын тұрақты басылымына айналған. Журналдың алғашқы редакторы – қазақтың белгілі ақыны Мұзафар Әлімбаев. Жауапты редакторлар қызметін әр жылдары А. Дүйсенбиев, Б. Соқпақбаев, Қ. Мырза Әли және т.б. қарымды қаламгерлер қызмет атқарған. Журнал беттерінде кезінде А. Жаманбалаев, Н. Сералин, К. Ыдырысов, С. Қалиев, Қ. Жұмағалиев, Ш. Смаханұлы, Ж. Әбдірашев, М. Қабанбай, С. Жүнісов, Ф.Оңғарсынова және т.б. көптеген белгілі ақын-жазушылардың шығармалары жарық көрген. Журналдың «Бала тілі – бал», «Кел, ойнайық!», «Жаттау оңай», «Жұмбақтар» атты тұрақты айдарлары бар. 1970 жылдары «Балдырған» журналының таралымы 200000-нан асқан. Қазіргі таралымы – 34352.

«Балдырған» журналының «Ән шырқайық!», «Қазақ балалар жазушылары», «Табиғат тамашалары», «Әдебиет сабағы», «Батпырауық» атты арнаулы беттері бар. «Ән шырқайық!» атты бетінде әртүрлі мерекелерге байланысты жаңадан шыққан әндерді нотасымен берсе, балалар жазушыларына арналған айдарда белгілі ақын-жазушылардың соңғы туындылары жарияланады. «Табиғат тамашалары» атты бетте жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтар, әртүрлі хайуанаттар жайлы әңгімелер жарық көреді.

Мәселен, Е. Сәрсенбаевтың «Тісін қайраған қабан» әңгімесі қабанның тісін қалай қайрағандығы жайлы болса, «Қомағайлық» [3] тарғыл өгіздің қойма меңгерушісі болып, ашкөздікпен барлық жеміс-жидектер мен көкөністерді жеп, іші ауырып, жазасын алғандығы туралы мысал қазіргі

қоғамдағы жемқорлықпен күрес мәселесін сөз етеді. Балаларға қомағайлықтың соңы немен бітетіндігі туралы қысқа ғана мысалда ұтымды, қарапайым тілмен жеткізген.

Балаларға арналған басылымдар ішінде тарихы мен тәжірибесі жағынан алдыңғы орында тұратын «Балдырғанның» тұрақты өз оқырмандарының бар екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас.

Ал киелі Қызылорда өңірінде де елдің бірлігі мен тірлігін, жарқын өмір белестері мен еңбек адамдарын, жеткіншектеріміздің шыққан биіктерін дәріптейтін облыстың жаршысы атанған басылымдар баршылық. Ұлттың ой-сана үрдісін өрбітуге өз үнімен үлес қосып отырған газеттердің әр жылдардағы сандары шежіреге толы десек те болады.

Республика егемендік алғаннан бергі уақыт ішінде аталмыш облыстың әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуында бұрын-соңды болмаған жаңа кезеңдер басталды. Нарықтық қатынасқа түбегейлі көшу, экономикалық байланыстар аясын кеңейту, қоғамды демократияландыру, заңды құрметтеу, салауатты өмір салтын орнықтыру, қайырымдылық акцияларын жүзеге асыру, ұлттық тәлім-тәрбие беру т.б. көптеген мәселелер мерзім міндеттері ретінде аталмыш басылымдар алдында тұрды.

Балалар тәрбиесі мен танымына көп орын берген Қызылорда облысындағы ұстаздарға арналған «Сыр мектебі» басылымы болып табылады. 1998 жылдың 27 маусымында жарық көрген газеттің оқырмандар сұранысын қанағаттандырғаны шындық. Облыс ұстаздарына арналған ақпараттық, әдістемелік басылым білім саласы бойынша республика аймақтарында алғашқы шыққан газет екендігі тарихта шындық. Сыр ұстаздарының сырлас көмекшісі, сенімді серігі бола білген газет озат ұстаздардың тәжірибесімен, озық әдістемесімен таныстыра отырып, білім саласындағы біліктілік бағыттарынан, оқыту процесіне енгізілген жаңа технологиялардың тиімділігінен хабардар етті. «Білім – өмір шырағы, тәрбие – көңіл шуағы» ұранымен жарық көрген басылымның алғашқы және қазіргі кездегі бас редакторы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданының құрметті азаматы Махмұтбай Әміреұлы басылым жөнінде: «1998 жылы «Егемен Қазақстанның» наурыз айындағы сандарының біріндегі қысқа хабарға көзім түсті. Онда Арыс қаласындағы

Б. Момышұлы атындағы мектепте баспахана арқылы басылып, мың данамен тарайтын газет шығатындығы жазылыпты. Осыдан кейін маған «Бір мектептің тірлігі мынадай, осындай газетті облыс бойынша неге шығармасқа?!» деген ой келді. Сонан соң аудандық газетті басқарған кездегі тәжірибем бойынша ұстаздар газетін шығарудың жобасын жасадым. Көп ойланып, газет аты «Сыр мектебі» болғанын жөн көрдім. Газеттің шартты түрде таралу данасын, жазылу бағасын, баспахана шығынын, қызметкерлер санын, жалақы мөлшерін есептедім. Қысқасы, сәуір айының басында қажетті құжаттарды білім басқармасы бастығының орынбасары Мәді Махановқа апарып тапсырдым... Арада апта өтпей мені және баспахана бастығы С.Ибрашұлын облыстық білім басқармасының бастығы Ә.Мүсілімов шақыртты. «Осы идея менің де ойымда көптен жүр еді,-деді Әлекең. Бұған шындап кірісуіміз керек. 12 мамырда облыстық актив жиналысымыз өтеді. Оған министр Қырымбек Көшербаев, облыс әкімі қатысқалы отыр. Газеттің алғашқы санын соған шығарайық. Газетті осындағы жаңа баспахана «Нұр сәулеттен» шығарамыз»-деді. М.Махановқа газетті ашуға қажетті құжаттарды жинауды, маған министрлікке барып тіркеуден өтуді тапсырған еді...»[4],- деп газеттің он жылдығына байланысты шыққан «Сыр мектебі» кітабында естелігімен бөліскен. Сонымен бірге осы басылымның халық арасына кең тарауына, ондағы көтерілетін тақырыптардың бағытының қалыптасуына М.Мүсілімов мырзаның көп көмек көрсеткенін де тебірене еске алады.

Басылымның дер кезінде сапалы шығуына редакция қызметкерлері Шәкізат Дәрманбетов, Ахат Жанаев, Талғат Жүнісов, Мұхамеджан Нұрханов, Түнзира Әбдиева, Гүлнұр Ақбергенова, Ұлжан Бердібекова, Айқын Райқұлова біліктіліктері мен іскерліктері арқылы үлкен үлес қосты.

«Жаңалықтар. Хабарлар» айдарымен көбінесе облыс, қала, аудандардағы білім саласындағы болған елеулі жаңалықтар жарық көреді. Мысалы, «Үлкен жүректі ақын», «Қолөнершілер сайысы», «Топтық сайыс», «Келіндер сайысы», «Білім сайысының үздіктері №132 мектепте», «Мектепшілік Мұқағали оқулары байқауы», «Сөз-мерген сайысы», «Білім кілті – кітапта», «Мұғалім жауапкершілігі – болашақ негізі», «Жас қанат, жас үміт» т.б. ақпараттар мен заметка жанрындағы материалдарды атауға болады.

«Шалқиядан Шалқарға дейін» айдарымен

әр ауданға арнайы бет беріп, білім саласындағы жетістіктері мен жақсы жаңалықтары дәріптеліп, шәкірттердің озат тәжірибелері кеңінен көрсету дәстүрге айналған. Сонымен бірге «Мектеп және отбасы», «Ұлағат – ұстаздан», «Жансарай», «Сырымды айтайыншы», «Ой. Пікір. Ұсыныс» айдарлары аясында берілетін материалдарда ұстаздар түрлі тақырыптарда ой қозғайды, ұсыныс, пікірлерін білдіреді.

«Сыр мектебі» газетінің жанынан 2001 жылдан бері оқушылардың «Бал дәурен», 2008 жылдан бері «Жоғары сынып» газеттері шыққан. Бұл басылымдарда оқушылардың түрлі тақырыптарда жолдаған хаттарына, ұсыныс-пікірлеріне, өлең, әңгіме, эсселеріне, салған суреттеріне көбірек орын беріледі. Сонымен бірге мектеп өмірінің бүгінгі тынысы, ұстаздардың қауырт та қарбалас жұмысы газеттердің әр бетінен айқын аңғарылады. Өрісті өнеге, тәлімді тәрбие басты көтеретін тақырып болып табылады.

2001 жылдың қараша айынан бастап «Сыр мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жанынан Сыр бойы мектеп оқушыларына арналған «Кел, балалар, оқылық!» ұранымен «Бал дәурен» газеті 3427 данамен жарық көреді. Басылымның бас редакторы: Махмұтбай Әміреұлы. Айына екі рет шығатын газет бетінде мектеп оқушыларының шығармашылық еңбектері, мектепте болған жаңалықтар туралы жазған ақпараттары, хаттары, салған суреттері, шығарған өлеңдері, өзіндік ой толғамдары мен әңгімелері жарық көреді.

«Жаңалықтар. Хабарлар» айдарымен оқушылар өз мектептерінде өткен сайыстардан, тәрбие сағаттары мен кездесулерді хабарлап отырады. Мысалы, «Әсері мол апталық», «Үнемі ізденіс үстінде», «Күнекейде» іс-шара өтті», «Мәнерлеп оқу сайысы», «Бал дәуренге» өлеңім шықты», «Мен Отанды сүйемін!» тақырыптарындағы хабарлар дәлел.

«Оқушылар хаттары» айдарымен «Тұғырың биік болсын, Қазақстаным!» тақырыбында Бекбауыл елді мекеніндегі №65 орта мектеп түлегі Әйгерім Әбдіразақованың хаты жарияланған. Автор хатында «Еліміздің ертеңгі болашағы – жастар, бүгінгі мектеп оқушылары. Тәуелсіздіктің тұғырының берік болуына біліміміз бен қабілетімізді аямай жұмсауымыз керек. Ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем тұғырлы Қазақстанымды әр уақытта мақтан етемін!»-деп өз ойымен бөліседі. «Дос жүрегі – шарайна» тақырыбында Жаңақорған ауданындағы №247 мектептің 8-сынып оқушысы Аяз Ықтияров:

«Достықты қиналған адам қиналып көрмеген адамнан мың сан есе артық сезеді және бағалай біледі. Мен достарымның барлығын жақсы көремін. Барлығының бір жақсы қылығы бар. Сан түрлі достармен дос болсам да жүрегімдегі шар айна сынбайды» – десе, М.Горький атындағы №16 орта мектептің 7-сынып оқушысы Алмас Айбек «Туған жерімді мақтан етемін» тақырыбында хат жазыпты. Ал, №39 орта мектептің 6-сынып оқушысы Гүлшара Дармолдаева «Бабалар ерлігі – ұрпаққа үлгі»-деп Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хандардың ерлігі өзі үшін үлгі екендігін және ата-баба қанымен келген егемендігіміздің қадірін білуге, қастерлеуге шақырады.

«Оқушылар шығармалары» айдарымен жас бүлдіршіндердің шығармашылық туындылары жарияланады. Мысалы, «Жасампаздыққа толы жылдар», «Ғани тағлымы», «Қайырымды жандар», «Ініммен мақтанам», «Ақылы маған – өнеге» тақырыптарындағы туындылары жарық көрген. Оқушы Әбутай Әсілханұлы «Әке» атты өлеңінде: «Әке деген асқар тауың, тірегің, Әкем барда соғады менің жүрегім. Мінезі бар жаздың ыстық лебіндей, кейде қатал қыстың ызғар күніндей», -деп жырлайды. Бала көңілдегісін осылай паракқа түсірген. Ал, 10-сынып оқушысы Гүлжан Топжарған «Өмір деген бір орында тұрмайды, Өмір – өзен толқындары тулайды. Өмір деген сарқылмайтын қазына, Данышпандар айтқан талай бұл жайлы»- деп, «Өмір-өзен» өлеңінде жырлаған.

«Бал дәурен» басылымының үшінші беті «Бір мектептен хат» айдары аясында бір мектептегі оқушылардың шығармашылығын топтастырып беруді дәстүрге айналдырған. Газеттің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі санында аталмыш айдармен №240 мектептің 4-сынып оқушыларының әртүрлі тақырыпта жазған шығармалары берілген. Мысалы сынып жетекшісі О.Абдуллаеваның «Бала қиялы – қабілет бастауы» тақырыбында жазған хатында талантты оқушыларына мінездеме береді. Әрқайсысының бойындағы бейімділігіне, қабілетіне баға беріп, үздік деп тапқандарын редакцияға жолдағанын айтады. Олардың ішінде Д.Оралбайқызының «Көңілді қыс», Ә.Толқынбаеваның «Менің итім», А.Мырзаханның «Құстар – біздің досымыз», Ж.Жексенбекованың «Айлакер күшік», А.Қыдырбайқызының «Қар көп жауса екен» тақырыптарындағы шығармаларын ерекше атап өтеді.

Газет материалдарының тілі баланың оқуына

оңтайлы, оңай. Десек те, газетте жарық көретін материалдардың орфографиялық қателіктеріне мән беру керек сияқты. Сонымен бірге өлеңдердің де ұйқасы мен айтар ойына өңдеу жүргізу қажет-ақ.

Қызылорда облыстық жастар мен жасөспірімдердің «Ақ қауырсын» газеті 16 бетпен 2010 жылдың қыркүйегінен бастап шықты. Меншік иесі: «Ақпарат – медиа». Құрылтайшысы: қалалық білім беру бөлімі. Директор-бас редакторы: Бақытбек Қадыров. Бұл басылымның бар-жоғы 6 саны ғана жарық көрген. Мектеп оқушыларының шығармашылығына басымдық берген басылымның жұмысының бір жолға қойылмағаны әрине өкінішті. Осындай өмірі қысқа газеттің тәжірибесі балаларға арналған басылым шығарудың оңай еместігін көрсетсе керек.

2012 жылдың 10 қыркүйегінен бастап балалар мен жасөспірімдердің «Сыр ұланы» республикалық газетінің алғашқы саны жарық көрді. Меншік иесі: ЖК «Ли-Медиа». Бас редакторы-Серікхан Жүзеев. Газеттің жас тілшілері: Қуаныш Есен, Назгүл Кенжетай, Бақберген Әбілқасым, Ақтолқын Қалдыбек, Айжан Есенгелді, Бекзат Байбол, Марина Сағидатбек, Мадияр Алмас, Ердәулет Есмағанбет.

Газеттің жарыққа шығуына байланысты бас редактор «Бұл басылым жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытып, елдігіміздің тұтқасын ұстайтын азамат болуға тәрбиелейді. «Сыр ұланы» газеті сіздердің сырлас достарыңызға, ақылшы ұстаздарыңызға айналады деп ойлаймыз. Біздің газет арқылы шығармашылық қабілеттеріңізді дамытып, достық қарым-қатынас жасайды деген сенімім мол»[5],- дейді.

Басылымда «Иман айнасы», «Тест», «Ойлай білу – тыныс-тіршіліктің көзі», «Гибратты әңгімелер», «Шабыт» сынды айдарлар бар. «Талаптыға нұр жауар» тақырыбында ақпарат жарық көрсе, «Рәміздер – елдігіміздің белгісі» тақырыбында танымдық мақала жарияланған. «Бойыңда болса иманың, ең қымбат байлық жиғаның...» тақырыбында №240 орта мектептің директоры Срайыл Жұманұлының насихаттық мақаласы жарық көрген. Сонымен бірге басылымның ерекшелігі әр жас буынның ерекшелігіне орай әр түрлі тест сұрақтарын жариялау арқылы өз-өздеріне баға беруді көздейді. Мысалы, «Сыныптастарыңның арасында беделің қандай?», «Мінезің қандай?», «Ашуланшақтықтан қалай құтылуға болады?»

«Кім болғың келеді?» т.б. Сонымен бірге баланың математикалық қабілетін арттыруға да септігін тигізетін есептер жарық көреді. Газет бетінде шығармашылықпен айналысатын талантты оқушылар мен бүлдіршіндер туындылары «Шаб-ыт» айдары аясында жарық көреді.

Аталмыш басылымдарда оқушылардың өз шығармашылықтарына баса көңіл бөлетіні қуанарлық жағдай, десек те танымал балалар жазушыларының шығармашылығымен таныстыру арқылы сөз өнеріне қадам басқалы тұрған жеткіншектерге үлгі көрсету мәселесі ұмыт қалғандай. 2013 жылдың екінші жартысынан бастап бұл газетте өзінің шығуын тоқтатты.

Баланың түсінігіне қарай көркем сөздің құнарын орайластыра жаза білсе, бала соншалықты көркем сөйлеуге, ойлауға, жазуға талпынады. Демек, көркемдік балалар баспасөзіне де керек. Көркем әдебиетпен тығыз байланысы бар публицистикада да бұл мәселені зерттеудің қажеттігі өзінен өзі туындайды. Өйткені, поэтиканың баспасөздегі жанрлардың көркемдік табиғатын қарастыруда да мәні зор.

Мерзімді баспасөз – қоғам айнасы. Айналадағы болып жатқан құбылыстар мен жаңалықтарға өзіндік үн қосып, бұқараға бағыт сілтеп отыратын баспасөз балаларға арнап не жазып жүр? Біз дәл осы сауалға төмендегіше жауап беріп көрейік. Біріншіден, балалар баспасөзі қазіргі кезеңде жан-жақты дамып келеді. Оның себебі, балаларға арналған басылымдардың саны көбейді. Яғни өзара бәсеке бар. Балалар баспасөзінің тілі мен стилі өз оқырмандарының қабылдауына, түсінуіне лайықталған. Мәселен, әрбір тақырып түсінікті. Берілетін ойлар да бала тілі мен түйсігіне қарай жеңіл жазылады. Құрмалас сөйлемдер көп кездеспейді. Оқырман хаттары көбіне әдеби өңдеуден өтпей-ақ беріледі. Мұның өзі басылымның балалардың шынайы бейнесін көрсетуге бағытталғандығын көрсетеді.

Екіншіден, басылымдар дизайн жағынан

жетілген. Компьютерлік жаңа бағдарламалардың көмегімен түрлі-түсті суреттермен безендірілген. Әсіресе, оқырмандар жіберген суреттер мен қолмен салынған суреттердің өз қанық бояумен беріліп, оқырманын қызықтыра түседі. Баланың қабылдауына, түсінуіне, қызығушылығына қарай балалар баспасөзі жаңаша ізденістерге барған.

Үшіншіден, қазақ баласының таным-түйсігін қалыптастыру мен дамытуда ұлттық менталитетімізге сай тәрбие құралына айналып отыр. Оған дәлел басылым беттерінде аңыз әңгімелер, ертегілер, ұлт тарихын сөз ететін әңгімелер, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз жайлы мақалалар жиі болмаса да орын алады. Сондай-ақ адамгершілік, мейірім, достық тақырыбында шағын әңгімелер де жарияланып тұрады.

Төртіншіден, баланың ой-өрісін кеңейту бағытында әртүрлі тест сұрақтары, ойындар, жаттығулар жарық көріп тұрады. Әсіресе, жас ерекшеліктеріне қарай ойындардың бөлініп отыруы оқырманның өзіндік физиологиялық ерекшеліктерін ескергендігі байқалады.

Бесіншіден, балалар баспасөзінің оқырманы да жазарманы да – балалар. Бұған журнал беттерінде ұйымдастырылып тұратын әртүрлі тақырыптағы бәйгелер себеп болса, екіншіден, баланың шығармашылық жағынан жетіле түсуіне себепкер болып отырған журнал редакторларының тың ізденістері дер едік.

Қай заман, қай дәуір болмасын оның рухани мәдениеті соңына, қала берді өз ұрпағына, тіпті тасқа қашап жазса да аманатқа қалдырған тілі арқылы жетіп жатады. Қазақ ұлты үшін де ұрпақтар аманатының бір белгісі ана тілі болмақшы. Туған тілдің мәйегінен сусындап өскен ұл-қыз сол ана тілі арқылы өз ұлтының менталитетіне қатысты бүкіл дәстүрді сақтап қала алады. Демек бұл бағытта балалар баспасөзі де сол үдеден шығады деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- 1 Детская литература. Учебное пособие/под ред. Николаева С., Арзамашева И.Н. – М.: Академия, 1997. – 41 стр.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Туған тілім- тірегім. – Алматы, Рауан, 2001. – 128 б.
- 3 Сәрсенбаев Е. Тісін қайраған қабан // Балдырған. – №6. – Маусым, 2006. – 18-19 бб.
- 4 Әміреұлы М. Сыр мектебі. – Қызылорда, 2008. – 8-13бб.
- 5 Жүзеев С. Сыр ұланы // 2012 жыл, қыркүйек. – №1(1).

References

- 1 Detskaya literature. Uchebnoe posobie/pod red. Nikolayeva S., Arzamasheva I. N., M.: Academia, 1997. - 41 str.
- 2 Nazarbaev N.A. Tugan tilim- tiregim. –Almaty, Rauan, 2001.- 128 b.
- 3 Sarsenbaev E. Tisin kairagan kaban. –Baldirgan// №6 mausym. 2006. -18 -19 bb.
- 4 Amyreuly M. Syr mektebi. –Qyzylorda, 2008. -8-13bb.
- 5 Zhuzeev S. Syr ulani// 2012 zhyl, Kyrkuiek №1 (1).